"ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫНЫҢ
БІЛІМ
БАСҚАРМАСЫ"
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
"УПРАВЛЕНИЕ
ОБРАЗОВАНИЯ
ГОРОДА ШЫМКЕНТ"

[illegible]

[illegible]

"ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫНЫҢ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ"
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
Кіріс/Шығыс № 10-07-02/5053
[illegible] . 09 2023

**Білім беру ұйымдарының
бірінші басшыларына**

Кәмелетке толмағандар арасында деструктивті діни ағымдар идеологиясының таралуының алдын алу және оған жол бермеу жөніндегі 2020-2023 жылдарға арналған ведомствоаралық жол картасын орындалуы бойынша төменде көрсетілген тармақтардың орындалуын 2023 жылғы 26 қыркүйекке дейін alma.igibayeva@mail.ru электрондық поштасына жолдауыңызды сұраймыз.

- Діни экстремизм мен терроризм идеологиясының ықпалына ықтимал кәмелетке толмағандарды өз құрдастарымен қарым-қатынас жасау үшін әр түрлі жасөспірімдер бірлестіктерімен *(оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымы, спорттық үйірмелер, дебат клубтарына, сондай-ақ балалардың мүдделері бойынша әр түрлі үйірмелермен)* қамту.
- Балалардың толеранттылық және бейбітшілік сүйгіштік сезімдерін алдын алуға және тәрбиелеуге бағытталған білім беру ұйымдарында ай сайын іс-шаралар өткізу.
- Оқу-тәрбие үдерісіне «Діни экстремизм – балаларға қауіп» ақпараттық сағатын енгізу.
- Деструктивті діни ағымдардың зияндылығы «Дін-Экстремизм. Құқық бұзушылық. Жауапкершілік», «Діни экстремизм – жастардың адасуы» туралы тақырыптарда сынып сағаттарын, ата-аналар жиналысын өткізу.
- Білім беру ұйымдарында *(оның ішінде қоғам қайраткерлері, танымал тұлғалардың қатысуымен терроризм идеологиясын қабылдамауға және рухани-адамгершілік құндылықтарды дарытуға бағытталған іс-шараларын)* ұйымдастыру.
- БАҚ-та этносаралық келісім, зайырлы өмір салты құндылықтарын және діни экстремизм идеологиясына жол берілмейтіндігін насихаттау.
- Интернет желісінде, оның ішінде әлеуметтік желілерде кәмелетке толмаған адамдар арасында діни экстремизмнің алдын алу жөніндегі арнайы айдарлар ұйымдастыру.

| | |
|---|---|
| «ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ<br><br>«№136 ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІ» ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ КӘСІПОРНЫ | ГОСУДАРСТВЕННОЕ КОММУНАЛЬНОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ НА ПРАВЕ ХОЗЯЙСТВЕННОГО ВЕДЕНИЯ «ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ СРЕДНЯЯ ШКОЛА №136» УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ ГОРОДА ШЫМКЕНТ |
| **160000 Шымкент қ .Абай ауданы Самал-3 ш.а., 2083А ғим** | **160000 г.Шымкент Абайский район Самал-3., 2083 здан** |

| | |
|---|---|
| **БҰЙРЫҚ** 103<br>2023 жылғы 01. қыркүйек<br>Шымкент қаласы | **ПРИКАЗ №** 103<br>01. 09 2023 год<br>город Шымкент |

## «Діни экстремизм және терроризмнің алдын алу туралы»

2023-2024 оқу жылында діни экстремизм және терроризмнің алдын алу шараларын өткізу мақсатында

**БҰЙЫРАМЫН:**

1.«Діни экстремизм және терроризмнің алдын алу» тақырында атқарылатын жұмыстардың іс шара жоспарын түзу ДБЖЖО А.Қалабиеваға жүктелсін .

**2.**«Діни экстремизм және терроризмнің алдын алу»тақырыбында 1-11 сыныптарда ашық тәрбие сағаттарын өткізу сынып жетекшілерге жүктелсін .

3.Діни тақырыпта теолог мамандарды қатыстырып ата -аналар жиналысын өткізу ДТЖЖО Б.Ибрагимоқа жүктелсін .

4.«Діни экстремизм және терроризмнің алдын алу» тақырыбында дін мамандармен дөңгелек үстел өткізу ДТЖЖО П.Садыбековаға жүктелсін .

5.Сабақ уақытысында мешіттер мен діни оқу орындарында жүрген оқушыларды анықтау ДТЖЖО П.Садыбековаға жүктелсін

6 .Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын

**Мектеп директоры** **Л.Н. Мырзақасымова**

Бекітемін
Мектеп директоры
__________ Л.Н.Мырзакасымова

**«№136 жалпы орта білім беретін мектепте» 2023-2024 оқу жылына арналған «Діни экстремизм және терроризмнің алдын алу» тақырыбындағы іс- шаралар жоспары**

| № | Іс -шара | сыныбы | Мерзімі | Жауапты |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Ата-аналар мен оқушылар арасында діни экстремизмді алдын алуға арналған баяндамалар мен сыныптан тыс жұмыс жоспарын құру | | Қыркүйек | ДТЖЖО<br>ДОЖЖО<br>Б.Ибрагимов<br>А.Қалабиева |
| 2 | Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 11қазандағы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы»заңын оқушыларға кеңінен түсіндіру және Қазақстан Республикасының заңнамаларына шолу жасау | 1-11 - сыныптар | Қыркүйек | ДТЖЖО<br>Дінтану пәні мұғалімі |
| 3 | Білім беру ұйымдарында терроризм актісі жасалған кезіде терроризмге қарсы жүріс-тұрысты және іс -қимылды қалыптастыру «Діни экстремизм мен терроризм» баяндама | Жалпы ұжымы | Қыркүйек | ДТЖЖО<br>Дінтану пәні мұғалімі |
| 4 | «Өз дініңді білесің бе?» пікіралысу | 1-11 -сыныптар | Қыркүйек | ДТЖЖО<br>Дінтану пәні мұғалімі |
| 5 | «Дін және қылмыс» дөңгелек үстел | 8-11 сыныптар | Қазан | ДТЖЖО<br>Дінтану пәні мұғалімі<br>Мектеп инспекторы |
| 6 | ҚР ІІМ нің «Терроризм актінің қауіпі жағдайы туындаған немесе террористік акті жасалған жағдайдағы әрекеттер туралы» жадынамасымен таныстыру<br>«Дін және қылмыс» баяндама | Жалпы ұжым | қараша | ДТЖЖО<br>ДОЖЖО<br>Б.Ибрагимов<br>А.Қалабиева |
| 7 | «Ислам діні туралы түсінік» сыныптан тыс шара | 1-4 сыныптар | Қараша | ДТЖЖО<br>Дінтану пәні мұғалімі |
| 8 | «Дініміздің негізгі заңдылықтары» тәрбие сағаты | 5-9 сыныптар | Желтоқсан | ДТЖЖО<br>Дінтану пәні мұғалімі |
| 9 | «Имандылық -инабаттылық» сыныптан тыс шара | 8-11 сыныптар | Қаңтар | ДТЖЖО<br>Дінтану пәні мұғалімі |
| 10 | «Терроризм және экстремизм оның зардаптары» баяндама. | Жалпы ұжым | Қаңтар | Дінтану пәні мұғалімі |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 11 | «Діни экстремизм және фундаментализм» конференция сабақ | 10-11 сыныптар | Ақпан | ДТЖЖО Дінтану пәні мұғалімі |
| 12 | «Уаһабизм Қазақстан үшін қауіпті ме?»ашық тәрбие сағаты | 10- сыныптар | Наурыз | ДТЖЖО Дінтану пәні мұғалімі |
| 13 | «Имандылық дегеніміз не?» дәріс | 5-9 сыныптар | Сәуір | ДТЖЖО Дінтану пәні мұғалімі |
| 14 | «Ислам дініндегі қазақ халқының салт- дәстүрі мен мәдениеті» тақырыбында ашық сабақтар ұйымдастыру | 5-11 сыныптар | Сәуір | ДТЖЖО Дінтану пәні мұғалімі |
| 15 | «Дін және заң» пікірталас | 9-11 сыныптар | Мамыр | ДТЖЖО Дінтану пәні мұғалімі |
| 16 | Оқушылардың оқу демалысы уақытында мәдени тарихи құндылығы (маңызы) бар жерлерге баруларын ұйымдастыру | 1-11 -сыныптар | Мамыр | Сынып жетекшілер |

# Терроризм актісінің қауіпі туынадаған немесе терроризм актісі жасалған жағдайдағы әрекеттер туралы

# ЖАДЫНАМА

# ЖЕДЕЛ ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ТЕЛЕФОН НОМЕРЛЕРІ

**112** **102** **110** **103**







# ЖАРЫЛҒЫШ ҚҰРЫЛҒЫЛАРДЫҢ БЕЛГІЛЕРІ

- Антенна
- Сағат тетігінің дыбысы
- Сыртқа шығып тұрған әртүрлі сымдар
- Батареялар
- Оқшаулағыш Таспа



- Иесі жоқ заттар

# ЖАРЫЛҒЫШ ҚҰРЫЛҒЫЛАР ОРНАТЫЛУЫ МҮМКІН ОРЫНДАР

Қоғамдық орындар – базарлар, қоғамдық көлік аялдамалары, дүкендер, сауда және ойын-сауық орталықтары, алаңдар, саябақтар, көлік құралдары.






**Қандай да болса оқиға орын алған жағдайда дүрбелеңге бой алдырмаңыз!**

# ЕГЕР

**сіз көлікте, көшеде, аялдамада, пәтерде, басқа қоғамдық орында белгісіз, иесіз, сезікті зат, қорап немесе сөмке, портфель тауып алсаңыз:**





- оған тиіспеңіз, ұстамаңыз, ашпаңыз
- қасына жақындамаңыз, жылжытпаңыз
- оның жанында ұялы телефон, рация қолданбаңыз, от жақпаңыз
- сезікті затқа сұйықты құймаңыз, ұнтақ төкпеңіз
- сізікті затты мүмкін болса қоршаңыз
- зат табылған уақытты еске сақтаңыз
- полицияға «102» телефонына хабарлаңыз
- Балалар! - қасыңыздағы жасы үлкен адамға (ата-анаңа, мұғалімге, полиция қызметкеріне) хабарлаңыз





**гер де сіз күдік тудыратын зат тауып алсаңы**

**ол фактіні назардан тыс қалдырмаңыз**

*1.Қоғамдық көлікте*:

- заттың (сөмкенің және т.б.) кімдікі екенін немесе кім қалдырып кетуі мүмкін екенін қасыңыздағы адамдардан сұраңыз;
- егер иесі анықталмаса, табылған зат туралы дереу жүргізушіге немесе кондукторға хабарлаңыз.

*2. Үйіңіздің кіре берісінде*:

- көршілерден сұраңыз, мүмкін ол зат соларға тиесілі шығ
- егер иесі анықталмаса, табылған зат туралы дереу құқық қорғау органдарына хабарлаңыз (тел. 102, 112)

*Көшеде, саябақта және т. б.:*

налаңызға қараңыз, егер мүмкіндік болса, заттың иесін анықтауға ысыңыз. Егер ол анықталмаса, құқық қорғау органдарына шұғыл рлаңыз (тел.102, 112);

ты бөгде адамдардан оқшаулауға немесе алыс арадан затқа бөтендерді рмеуге тырысыңыз. Құқық қорғау органдарының қызметкерлері келген а зат табылған уақыт туралы ақпарат беріңіз.

*Мекемелерде, ұйымдарда*:

ып алған зат туралы объект күзетшісіне немесе әкімшілігіне дереу рлаңыз.

лған затпен немесе күдік тудыратын заттармен жеке **іс-қимыл жаса** **ыспаңыз,** олар жарылғыш құрылғылар болуы мүмкін, бұл жарылыс еген құрбандыққа, қирауға әкелуі мүмкін.

# Үзілді-кесілді тыйым салынады

- табылған затты ұстауға, ашуға және орнынан қозғауға, бір жерден екінші жерге апаруға, қолға алуға;
- табылған затты қалтаға, портфельге, сөмкеге салуға және т.б.
- жерге көмуге немесе оларды су қоймаларына тастауға;
- заттардан шығып тұрған сым темірлерді немесе сымдарды үз тастауға немесе тартуға, оларды залалсыздандыруға тырысуға;
- табылған заңсыз затты пайдалануға;
- оған жақын аралықта радио- және электрлі - аппараттарын, ялы телефондарды пайдалануға;

## Жарылғыш құрылғылардың іске қосылуы нәтижесінде жарылыс аймағында немесе ғимараттың қираған үйінділерінің арасында қалған тұрғындарға арналған жаднама

**Егер сіз жарылу аймағында қалсаңыз,** естен танбай, қимылдай алатын халде болсаңыз, ең бірінші кезекте түтін мен жалын жоқ жерге қарай жүруге, еңбектеуге тиіссіз.Егер сіз жарылыс кезінде зардап шекпесеңіз, ал қасыңызда зардап шеккен адамдар болса, олардың жан-күйлерін бағалаңыз: тамыры соға ма, адам есін жоғалтқан жоқ па? Ешқашан оның есін мүсәтір арқылы жиғызуға тырыспаңыз. Естен тану – бұл организмнің сыртқы әсерден қорғануы. Егер зардап шеккен адамның сынған жерлері болмаса оның сүйектерін мұқият басып көріңіз), оны қырынан жатқызыңыз

- Ол шалқасынан жатса, құсыққа шашалып, етпетінен жатса тұншығып қалуы мүмкін. Кү тамырдан қан кеткен (алқызыл қан шапшып жатса) кезде жарақатты неғұрлым тез, тым болмағанда саусақпен басып, содан соң жара жоғары жағынан жіппен, белбеумен, баумен, белдікпен таңу керек.

## Егер сіз ғимараттың қираған үйінділері арасында қалсаңыз

Саябырлауға тырысыңыз. Терең және бірқалыпты тыныс алыңыз. Өзіңізді құтқаратынына иландырыңыз. Дауыстап және заттарды соққылау арқылы адамдардың назарын аударыңыз. Егер сіз ғимараттың қираған үйінділерінің түбінде қалсаңыз, сізді жаңғырық дыбыс анықтағыш арқылы тауып алу үшін к келген металл затты (сақина, кілт және т.б.) оңды-солды қозғап, дыбыс шығарыңыз.Егер бекітулі кеңістікте болсаңыз, оттықты тұтандырмаңыз. Отте сақтаңыз.

Қабырғалардың қайта опырылып құлауын болдырмауға тырысып, абайлап жылжыңыз, сырттан соққан ауаның қозғалысы бойынша бағдар ұстаңыз. Егер мүмкіндігіңіз болса, қолға ұстауға келетін заттардың (тақтайлар, кірпіштер ж.б.) көмегімен төбені бекітіңіз, содан соң көмек күтіңіз. Қатты шөл қысқан кішкентай тасты аузыңызға салып, сорыңыз, мұрныңызбен тыныс алыңыз.

# Адамдар көп жиналатын орындағы жүріп-тұру мінез-құлқы



- жиын топтан аулақ жүріңіз
- жалғыз жүруге тырысыңыз
- іліні немесе тұншығып қалмау үшін мойындағы галстукті *(шарфты, орамалды және т.б.)* шешіңіз
- керегі жоқ заттарды тастаңыз
- шынтақтарыңызды бүгіп, қолдарыңызды денеге қысып ұстаңыз
- киіміңіздің барлық түймелерін салыңыз
- жиын топқа қарсы жүрмеңіз
- құлап қалсаңыз тез арада тұруға тырысыңыз



**№ 136 жалпы орта білім беретін мектебінде «Дініміздің негізгі заңдылықтары »сыныптан тыс іс-шара хаттамасы**
**2023-2024 оқу жылы**

**Күн тәртібіндегі мәселелер:**

1.«**Дініміздің негізгі заңдылықтары**»сыныптан тыс іс-шара

**Өткізілген күні:** 14.12.23. ж

**Қатысқандар:** 5-9 сынып оқушылары және сынып жетекшілері

**Қатысқандар:**

Мектеп директоры Л.Н.Мырзакасымова

Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары : Ибрагимов. Б. А.

Директордың оқу жөніндегі орынбасары: Есмурзаева.М.Ж

**Тыңдалды:**

*Мектеп директоры Л.Н.Мырзакасымова өз сөзінде*

Әрбір адам діни экстремизм мен терроризмнен хақ дінімізді дұрыс ажырата білгендері абзал. Ол үшін барша адам діни тұрғыдан сауаттарын ашқандары дұрыс. Сол кезде ғана, адасушылықтан бойымызды аулақ ұстап, Ислам дініміздің хақ екендігіне көзімізді анық жеткіземіз..

Қазақтың ұлы ақыны Абай – рухани сауатын жоғары деңгейге жеткізген тұлға. Абай сөзінің қара сөздерінде негізінен ақиқат турасында өзінің біліп түйгендерін халыққа жеткізуге асыққан. «Құранның іші толған игілік іс» деп ақын Ислам дінінің құндылықтарына, ондағы терең тәрбиеге бас иген. Әрі мұның қазаққа қажеттілігін жақсы түсінген.

*Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары.Б. А.Ибрагимов. өз сөзінде*

Ислам дін – ол тазалық, тәртіп, адамгершілік бастауы, имандылықтың белгісі. Адам баласын асып-таспауға, ғылым мен білімге және ынтымақта болуға шақырады.

Хадиспен сүннет мұсылман қоғамының ірге тасын қалап, бұл өмірде бағыт-бағдар көрсетуде темір қазық рөлін атқарды. Халық хадистердің мазмұнын мақалға айналдырып дәріптеді. Айталық, «өтіріктен сақтан, себебі өтірік пен иман бір жерде болмайды» деген хадисті, «өтірікшіде иман жоқ» деген мақалға айналдырып, өскелең ұрпаққа өтіріктен бойын аулақұстауды үйреткен.

*Директордың оқу жөніндегі орынбасары: Есмурзаева.М.Ж*

Имандылық – адамдар қарым-қатынасындағы ішкі мәдениетті айғақтайтын этикалық қағидалардың бірі. Адамның меншік құқығын құрметтеу және оған қол сұқпау. Әр адам бір-бірінің құқығын құрметтей білуді үйренгендері жөн. Имандылық – әр адам ұлтына, нәсіліне, жынысына, дініне қарамастан иманды болып туады. Иманды бала дөрекілікке бармайды, ата-анасын ардақтайды, кісіге қиянат жасамайды. Имандылық бар жерде рухани тазалық бар, сенім бар

**Қаулы:**

«Имандылық туралы түсінік» сыныптан тыс іс-шара тыңдалып, танысты деп есептелінсін.

**Жиналыс төрайымы:** **Б. Ибрагимов**

**Хатшы:** **П. Садыбекова**

**«№ 136 жалпы орта білім беретін мектебі»** шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны

Шымкент қаласы **ХАТТАМА**

Күні: 10.11.2023 ж

Қатысқандар: 200

1. Мектеп директоры Л.Н.Мырзакасымова
2. Д.Ж.Бозшабаева, М.Ж.Есмурзаева, А.Б.Ешенбаева,А.Т.Калабиева, А.Тасибекова оқу ісі жөніндегі орынбасарлары;
3. Б.А.Ибрагимов,П.И.Садыбекова - директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары;
4. Ж.Тоқсанбаева, Б.Кадиркулова – педагог-психологтер;

**КҮН ТӘРТІБІ**

1. Мектеп медиациясы жұмысымен, ережелерімен таныстыру
2. Мектеп медиациясы қызметінің жұмыс қағидаттарын түсіндіру

Алғашқы сөз кезегін директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.А.Ибрагимов алды. Ол өз сөзінде мектеп медиация қызметінің мақсаттары мен міндеттері төмендегідей екенін атап өтті:

2.1.1. білім беру үдерісіне қатысушылар арасында даулар мен жанжалдарды шешудің өркениетті формаларын тарату (қалпына келтіру медиациясы, келіссөздер және басқа да тәсілдер);

2.1.2. қалпына келтіру медиациясының қағидаттары мен технологиясы негізінде даулар мен даулы жағдайларды шешуде білім беру үдерісіне қатысушыларға көмек көрсету;

2.1.3. білім беру ұйымдарында қалпына келтіру медиациясының қағидаттары мен технологиясы негізінде кәмелетке толмағандардың жанжалдарына, ісәрекеттеріне, құқыққа қарсы мінез-құлқына және құқық бұзушылықтарына баламалы ден қоюды қамтамасыз ету.

2.2. Медиация қызметінің міндеттері:

2.2.1. оқу-тәрбие үдерісіне медиативтік құзыреттілікті интеграциялау; 2.2.2. ағарту іс-шараларын ұйымдастыру және білім беру үдерісіне қатысушыларды қалпына келтіру медиациясының миссиясы, қағидаттары мен технологиялары туралы хабардар ету.

Екінші сөз кезегі мектеп психологы Ж.Тоқсанбаева сөз алып, ол өз сөзінде медиация бұрынғы қазақ қоғамында болған билердің бітіміне ұқсайды. **Билер кеңесі** — дәстүрлі қазақ қоғамында өкілетті негізде қызмет атқарған ең жоғарғы кеңесші орган.Билер кеңесі жылдың бір мезгілінде, әдетте, ел жайлауға көшіп болған соң сол жағасындағы *"Ханабат"* (Күлтөбе) деген жердегі Тәуке хан (1680 — 1718) ордасына жиналып, қазақ халқының заң кодексі — "Жеті Жарғыны" қабылдаған. Рулық алауыздықты жойып, қазақ ұлтын біріктіру, мемлекеттік тәртіпті нығайту мұратын көздеген Тәуке хан ел ішінде беделді билерге сүйене билік жүргізді. Ұлттық тұтастыққа іріткі саларлық ірі жанжалдар — руаралық *"жер дауы, жесір дауы"* өршігенде, ел шетіне жау тиіп, соғыс қаупі төнген кезде, көрші елдермен байланыс жасап, түрлі қарым-қатынас орнатар шақта билер кеңесін шақырып, негізгі мәселелерді бұқара өкілдері — билермен ақылдаса отырып шешкен. Билер кеңесінің шешімдерін ешкім бұза алмаған, хан да, қара да оны орындауға міндетті болған. Тәуке хан қалыптастырған осы демократиялық-құқықтық қағиданы қазақ даласын билеген кейінгі хандар да қатаң ұстанған. Билер кеңесінің шешімдері хан беделінен жоғары қойылғанымен, орталықтандырылған билік пен басқару ісіне қайшы келмеген. Ханның ұсынуымен мемлекеттік маңызы

бар мәселелерді талқылаған кезде *"тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ"* деген моральдік принципке сүйенген. Қара бастың, ағайын-туыс пен аталастың ғана намысын қорғап, ру мүддесін ұлт мұратынан жоғары қоятын қылығы байқалған билер ел сенімінен, хан құрметінен айырылған. Ондай әділетсіздікпен, пайдакүнемдікпен аты шыққан адамдар билер кеңесіне шақырылмаған. Тәуке хан тұсында билер кеңесіне Ұлы жүзден үйсін Төле би Әлібекұлы, Орта жүзден арғын Қаз дауысты Қазыбек би, Кіші жүзден алшын Әйтеке би қатысқан. Сондай-ақ Едіге би, Тайкелтір би, Байдалы би, Шақшақ Жәнібек (би әрі батыр), Шеген би, Сасық би, Сәмеке би, т.б. көрнекті өкілдер болған





Хатшы М.Азимова

**№ 136 жалпы орта білім беретін мектебінде «Дін және қылмыс» дөңгелек үстел қорытындысын талдау жиналысының хаттамасы 2023-2024 оқу жылы.**

**Күн тәртібінде:**

1 . «Дін және қылмыс » дөңгелек үстел

**Өткізілген күні:** 13.10.23.ж
**Сыныбы:** 8-11 сынып оқушылары
**Қатысқандар:**
Директордыңтәрбие жөніндегі орынбасары.Ибрагимов. Б. А
НВП мұғалімі:Умбетов Қ.Қ
Мектеп инспекторы:

**Сөз кезегі:**

**Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары : Ибрагимов.Б. А.**

Бүгінгі жаһандану ғасырында, ғаламдық құндылықтарға қауіп төніп отырған сындарлы уақытта жастар тәрбиесі өзектілігін жоғалтпайтын тақырып. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы жастар мәселесін әрдайым назарда ұстап, олардың толыққанды діни білім алуына, мешіт имамдарымен тұрақты қарым-қатынаста болуларына мүмкіндіктер жасап, тиісінше қолдау білдіріп келеді.

Бүгінгі таңда бейбітшілік заманда сарбаз, батыр дегеніміз-жаугершілік кезіндегідей қолына қару алып,жауға қарсы аттану емес. Заманымыз тыныш, бүгінгінің батыры ол – бейбіт заманның тыныштығын сақтау, елге қарсы емес, керісінше ел үмітін ақтау. Бүгінгінің батыры ол – білім алып, ол білімінің туған халқына қарсы емес, ел мүддесі үшін жұмсайтындар. Осы орайда, ағартушы Ы.Алтынсариннің Адамға алдымен тәрбие керек. Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың хас жауы» - деген сөздері еске түседі.

**НВП мұғалімі: Қ.Қ.Умбетовқа сөз кезегі беріледі.**

Жиналған жастарға білім туралы, тәртіп, адамның бойындағы қасиеттер туралы сөз қозғап, әңгімеледі. Кездесу барысында НВП мұғалімі Қанат ағай , дін жайында, діннің қазіргі кездегі жағдайы туралы, діннің дұрыс ағымдары мен имандылық пен әдептілік туралы айтылды. Әңгіме барысында дәстүрлі қазақ қоғамында адамның имандылығына – мінез-құлық жүйесіндегі ерекшеліктеріне көп көңіл бөлінетіндігі, адамның жарық дүниеге келуі, өсуі, ержетуі, тіршілік етуі, қартаюы, ата мен баланың қарым-қатынасы, үлкендік пен кішілік, сыйластық, әдептілік пен арлылық, инабаттылық тәрізді маңызды мәселелер имандылықтың маңызды құрамдас бөлігі ретінде ешқашан да назардан тыс қалмағандығын, жастардың үлкендерге құрмет көрсетуі, үлкендердің кішілерге ізет білдіруі өмір сүру салтына айналғандығы, бойына адамгершілік асыл қасиеттерді жинап өскен

жасты *“көргенді”* деп, жүрегінен нұр, өңінен жылу кетпейтін, әрдайым жақсылық жолын ойлайтын, әр істе әділдік көрсететін адамдарды *“иманды”* деп атағанын атап көрсетті. Сонымен бірге бес парызды, тазалықты, иманның шарттары және де исламның шығу тегі мен мақсаты, мазмұны сөз болды.

**Жиналыс төрайымы:** **Б. Ибрагимов**

**Хатшы:** **П. Садыбекова.**

**№ 136 жалпы орта білім беретін мектебінде «Діни экстремизмнің алдын –алу » мақсатында өткізілген іс-шара қорытындысын талдау жиналысының хаттамасы**

**2023-2024 оқу жылы**

**Күн тәртібіндегі мәселелер:**

1.ҚР 2011 жылғы 11 қазандағы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңын оқушыларға кеңінен түсіндіру және ҚР заңнамаларына шолу жасату

**Өткізілген күні:** 15.09.23. ж

**Бастауыш сынып мұғалімі: Бастыкова .Ж**

**Бастауыш сынып мұғалімі: Тасболат .А**

**Сыныбы:**1-11 сынып оқушылары

**Мақсаты:**оқушыларға діни экстремизм туралы білім беру ,терс діни ағым дегеніміз не екендігін тренингтер арқылы жеткізу, діни сауаттылықты қалыптастыру.

Оқушыларға діни экстремизм жайында түсінік беру . Бүгінгі таңда түрлі конфессиялар өкілдерінің бейбіт қатар өмір сүруі және өзара тиімді қарымқатынас жасалуы үшін елімізде қолайлы жағдайлар жасалған. Сонымен қатар,Қазақстандағы конфессияаралық қатынастар басқа елдер үшін үлгі болып табылады .Алайда,кейбір дінге сенушілер агрессия мен діни радикализмнің қауіпті формаларына бой алдырып азаматтардың қауіпсіздігі мен мемлекеттік тұрақтылығына қауіп төндіруде .

Діни экстремизм – діни дұшпандылық пен жек көрушілікті қоздыру мақсатымен Мемлекеттің аумақтық бүтіндігін немесе егемендігін бұзуға және мемлекеттік құрылысты өзгерту мен билікті күшпен басып алуға бағытталған діни негізделген немесе діни камуф ляждалған қызмет. «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» ҚР заңы

- ҚР Конституциясы 1,5,12,14,19,20,22,23,34 баптары;
- «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы » ҚР заңдары;
- ҚР 02. 2005 жылғы экстримизмге қарсы іс –қимыл туралы заңы;
- 27 желтоқсан 1994 жылғы ҚР азаматтық кодексі ;
- Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді және филиалдар мен өкілеттіктерді есептік тіркеуі туралы ҚР1995 жылғы 17 сәуірдегі № 2198 заңы;
- ҚР «Терроризмге қарсы күрес туралы заңы »

13 шілде 1999 ж.

**Қорытынды:**Оқушыларға сынып сағаты жағымды әсер берді . Тренингтің пайдасы өте зор . Бұл тренинг оқушылардың алдағы уақытта діни экстремизмнен алшақ болуына өз әсерін тигізеді деген ойдамын

**Жиналыс төрайымы:** **Б. Ибрагимов**

**Хатшы:** **П. Садыбекова.**

**№ 136 жалпы орта білім беретін мектебінде «Білім беру ұйымдарында терроризм актісі жасалған кезде терроризмге қарсы жүріс –тұрысты және іс –қимылды қалыптастыру» мақсатында өткізілген іс-шара қорыттындысын талдау жиналысының хаттамасы**
**2023-2024 оқу жылы.**

**Өткізілген орны:** № 136 жалпы орта білім беретін мектеп АКТ залы
**Өткізілген күні :** 29. 09. 23. ж
**Күн тәртібінде :**

1. Мектепте «Білім беру ұйымдарында терроризм актісі жасалған кезде терроризмге қарсы жүріс –тұрысты және іс-қимылды қалыптастыру»
2. «Өз дініңді білесің бе?» пікіралмасу туралы.

**Қатысқандар:**
Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары.Ибрагимов. Б. А

Бастауыш сынып мұғалімі: Бастыкова .Ж
Бастауыш сынып мұғалімі: Әжен .Г
Дін тану құқық және тарих пәні мұғалімі: **Жунисов.М.А**
**Тарих пәнінің мұғалімі:Джунисов .М.А**

**1.Кіріспе**

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директоры Л.Н.Мырзакасымова сөз алып, мектепте діни экстремизм идеяларының *таралуын болдырмау және алдын алу жұмыстары барысында бір қатар* ағымды жұмыстар жүргізуде, соның бірі бүгінгі болғалы отырған кездесуіміз. Террористік іс-әрекеттерді жүзеге асыратын адам немесе топтасқан қауым «террорист» деп аталады. Террорист жеке адам және қоғам тыныштығын бұзатын, мемлекет тәртібі мен қауіпсіздігіне қатер төндіретін немесе қатерге ұшырайтын іс шараларды, заңға қайшы жұмыстарды іске асыратын жеке және заңды тұлғалар болып табылады. Айналаңызда қараусыз қалған сөмке, қорап, түйіншек, чемодан, қапшықтарға әсіресе олардың ішінен шығып тұрған сымдар мен техникалық құрылғыларға, сондай-ақ, қоғамдық көліктерде күдікті, қылықты

- Күдікті заттарды сақтаудан немесе жолда тасымалдап көмектесуден бас тартыңыз;
- Құқық қорғау органдары қызметкерлері жеке бас құжаттарын тексергенде түсіністікпен қараңыз және оларға көмек көрсетіңіз;
- Қалыптасқан жағдай туралы жаңалықтарды қарап отырыңыз.

Екінші мәселе бойынша дінтану пәні мұғалімі Ж. Жұманиязова сөз алды. Терроризмнің мақсаты – мемлекеттердің, халықтардың рационалды түрде ойлауларына, бейбітшілік пен тыныштықта өмір сүрулеріне кедергі жасау. Сонымен бірге қоғамда дүрбелең тудырып, көшеде, жұмыс және дем алатын жерлерде, халықтың көп шоғырланған орталарында, сауда саттық орталықтарында оқу және мәдениет ошақтарында кез-келген уақытта бүлік шығарып, үрей тудыру. Терроризм актісі жасалуының нақты мүмкіндігі туралы расталған ақпарат болған кезде, - жеке басты куәландыратын құжатыңызды барлық жерде және үнемі өзіңізбен бірге алып жүріңіз;

Аса қажеттілік болмаса адам көп жиналатын жерлерге бармауға тырысыңыз;

Өзіңіз отырған ғимаратта сыртқа шығатын қосымша есіктердің болуын тексеріп, ғимарат сызбасын зерделеңіз;

Көлемді жүк алып жүрмеуге тырысыңыз ;

Үйіңіздің жанында бейтаныс адамдардың және көліктердің пайда болуына назар аударыңыз.

**Қаулы:**

1.Мектепте «Білім беру ұйымдарында терроризм жасалған кезде террорзимге қарсы жүріс тұрысты және іс-қимылды қалыптастыру» туралы өткізілген іс-шара қорытындысы «қанағаттанарлық» деп танылып, қосымша түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.

**Жиналыс төрайымы:** **Б. Ибрагимов**
**Хатшы:** **Садыбекова.П**

**№ 136 жалпы орта білім беретін мектебінде «Ислам діні туралы түсінік»сыныптан тыс іс-шара хаттамасы 2023-2024 оқу жылы**

**Күн тәртібіндегі мәселелер:**

1.«Ислам діні туралы түсінік»сыныптан тыс іс-шара

**Өткізілген күні:** 23.11.23 . ж
**Қатысқандар:** 1-4 сынып оқушылары және сынып жетекшілері

**Қатысқандар:**
Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары.Ибрагимов. Б. А.
Директордың оқу жөніндегі орынбасары:Қалабиеве А.Т
4 «А» сыныбының сынып жатекшісі. Дүйсенбаева.А

**Тыңдалды:**
*Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары.Б. А.Ибрагимов. өз сөзінде*
Дін – адамзат тарихы мен мәдениеттің ажырамас бөлігі. Дінін білген адамға тегі, тегін білген адамға діні ешқашан жат саналмайды.
Ислам діні – Алла тағаланың Мұхаммед пайғамбар салла-л-лаһу Ғалейһи уа салам арқылы жіберген ақиқат жолы.
Діни ұғым бойынша Алла бір, ол біреу және бәрі соның қолында.
Діннің басты негізі және мұсылмандықтың кілті – «Лә иләһа илла Аллаһ, Мұхаммад расул Аллаһ», яғни мағынасы «Алладан басқа тәңір жоқ, Мұхаммед оның елшісі» деген сөйлемде жинақталған.
Ислам дін – ол тазалық, тәртіп, адамгершілік бастауы, имандылықтың белгісі. Адам баласын асып-таспауға, ғылым мен білімге және ынтымақта болуға шақырады.

*4 «А» сыныбының сынып жатекшісі Асқарова Ботагөз өз сөзінде*
Н.Ә Назарбаев: «Ислам – дін ғана емес, ол – біздің мәдениетіміз» деген ойлы сөзін ескерсек, Ислам дінін рухани мәдениеттің де ошағы деп санауға мүмкіндік береді.
Халықтың әдет-ғұрып, салт-дәстүрінің, қай-қайсысыда Исламға негізделеді. «Әдеп» «мәдениет» сөздерінің өзі араб сөздері екенін көп жайыттан сыр ұқтырады. Қазақ тәрбиесіндегі әдептілік қағидалары құранмен хадистерден алынып отыр.

*3 «А» сыныбының сынып жатекшісі Дүйсенбаева .Ардақ өз сөзінде*
Хадиспен сүннет мұсылман қоғамының ірге тасын қалап, бұл өмірде бағыт-бағдар көрсетуде темір қазық рөлін атқарды. Халық хадистердің мазмұнын мақалға айналдырып дәріптеді. Айталық, «өтіріктен сақтан, себебі өтірік пен иман бір жерде болмайды» деген хадисті, «өтірікшіде иман жоқ» деген

мақалға айналдырып, өскелең ұрпаққа өтіріктен бойын аулақұстауды үйреткен.

*Директордың оқу жөніндегі орынбасары:Қалабиеве А.Т өз сөзінде* Оқушыларға білім туралы, тәртіп, адамның бойындағы қасиеттер туралы сөз қозғап, әңгімеледі. Жиын барысында иман, дін жайында, діннің қазіргі кездегі жағдайы туралы, діннің ағымдары мен имандылық, әдептілік туралы сөз қозғалды. Сөз барысында дәстүрлі қазақ қоғамында адамның имандылығына мінез-құлық жүйесіндегі ерекшеліктеріне көп көңіл бөлу, адамның жарық дүниеге келуі, өсуі, ержетуі, тіршілік етуі тәрізді маңызды мәселелер аталып көрсетілді. Сонымен бірге бес парызды, тазалықты, иманның шарттары мен исламның шығу тегі, мақсаты, мазмұны сөз болды.

**Қаулы:**

«Ислам діні туралы түсінік» сыныптан тыс іс-шара тыңдалып, танысты деп есептелінсін.

**Жиналыс төрайымы:** **Б. Ибрагимов**

**Хатшы:** **П. Садыбекова**

№136 жалпы орта білім беретін мектеп

# БАЯНДАМА

**Тақырыбы : «ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМ МЕН ТЕРРОРИЗМ»**

**Орындаған:** Сулейменова Б

**Шымкент**

# «ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМ МЕН ТЕРРОРИЗМ»

БҮГІНГІ ТАҢДА діни экстремизм мен терроризм сөздерін естімеген адам аз шығар. Баспа немесе ғаламтор беттерінен шет елдердегі және Қазақстандағы діни ахуал, соның ішінде діни экстремизм мен терроризм тақырыптарына қатысты мәліметтер жетерлік. Бұл аталған мәселенің ғаламдық деңгейде орын алып отырғандығының белгісі. Сол себепті мұндай мәселені шешу ұлттың келбетін сақтаудың кепілі болмақ.

Аталмыш мәселенің алдын алу кезек күттірмейтін шара. Оқушыларды адамгершілікке, имандылыққа тәрбиелей отырып, діни көзқарасын «экстремизм», «терроризм» ұғымдарын қалыптастыру мақсатында қалалық білім бөлімінде діни экстремизм мен терроризмнің алдын алуына бағытталған іс-шара жоспары құрылып, бекітілген. Жүз отыз алтыншы мектеп, осы құрылған жоспар негізінде мектепішілік жоспарлар құрып, алдын алу шараларын жүргізуде. Жоспарға сай мектеп- терде ҚР Президентінің Жарғысының орындалуы негізінде жасөспірімдер мен жастар арасында діни экстремизмнің алдын алу ақпараттық бұрышы дайындалды. Мектеп оқушыларына жылына екі рет эт- носератаизм мен экстремизмге қарсы нұсқаулықтар директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары та- ныстырып отырады. «Терроризм мен экстремизмнің алдын алу және ескерту шаралары» дөңгелек үстел, «Діни экстремизмнің әлемдік қауіп-қатері» баяндама «Қазіргі діни ұйымдар», «Діни экстремизм деген не?», «Адастырушы діни ағымдар», т.б. тақырыптарда ашық әңгіме мен тәрбие сағаттары өткізілді. Әр өткізілген шарада оқушылар арасында қазіргі таңда әлемнің түкпір-түкпірінде болып
жатқан діни экстремизм және терроризмнің алдын алуға байланысты сұрақтар қаралып талқыланды. Оқушыларға «Хиджаб, паранжа, қысқа балақты шалбар кию, сақал қою» мәселелері түсіндірілді.
